

Алматы облысы Балқаш ауданы Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінің арнайы педагогі Г.К.Журкабаеваның жартыжылдық рефлексиялық есебі

Арнайы педагогтің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-ның жылдық жұмыс жоспары, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар арнайы педагогтің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары, ата-аналарға берілетін кеңестерді тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне арналған кеңестерді тіркеу журналы және оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітіліп, рәсімделді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, жетістіктер карталары әзірленіп, білім алушылардың сабақтағы іс-әрекеттерін бақылауға арналған хаттамалар дайындалды.

Оқу жылының бірінші жартыжылдығында мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың мектепшілік сыныптан тыс іс-шараларға қатысуына қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар кестесі сынып жетекшілерімен және ата-аналармен алдын ала келісілді. Білім алушылардың «Тәуелсіздік күні», «Ұстаздар күні», «Алтын күз» мерекелеріне арналған іс-шараларға, патриоттық тәрбие сағаттарына, спорттық ойындарға, «Кітап оқу апталығы» акциясына, қайырымдылық шараларына және Қарасай ауданында Үшқоңыр ауылында өткен Президенттік шыршасына қатысуы ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, қолдау көрсетілді. Әр іс-шара бойынша фотоесептер жасалды, қатысушылар тізімдері рәсімделді. Аталған іс-шаралардың барлығы оқу-тәрбие процесімен сабақтастықта ұйымдастырылды.

ППҚҚ жоспарлы отырыстарына қатысып, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларының іске асырылу сәттілігі динамикалық түрде бақыланды, білім алушылардың жетістіктері белгіленді. МШ баламен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері талданып, қажет болған жағдайда жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Диагностикалық бағыт

Оқу жылының басында ПМПК қорытындылары мен ұсыныстары зерделенді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ерекшеліктерін терең зерттеу және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында сабақтарға қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды.

1–15 қыркүйек аралығында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық диагностика жүргізілді. ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес зияты зақымдалған, сөйлеу тілінің дамымауының екінші деңгейі деген қорытындысымен Әсет Нұрназар және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар алты білім алушыға педагогикалық диагностика жүргізілді. Арнайы педагогтің түзете-дамыту сабақтарына барлығы 7 білім алушы тізімге алынды.

Дамыту (түзету) бағыты

ПМПК ұсыныстары мен педагогикалық диагностика нәтижелеріне сәйкес бір білім алушыға жеке оқу бағдарламасы бойынша негізгі білім беретін жалпы мектептің әзірленді.

Түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Ерекше білім алуды қажет ететін білім алушылармен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, жетістіктер белгіленді. Талдау нәтижелері негізінде түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында балаларға көрсетілген түзете-дамыту жұмыстарының сандық көрсеткіштері

Р/с	Аңғарымы	Бала саны	Балдық бағалау			
			0 мақсаттарға қол жеткізілмеді (0-25%)	1 мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (26-50%)	2 мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (51-75%)	3 мақсаттарға қол жеткізілді (76-100%)
1	Жеңіл түрде зияты қазымдалған білім алушылар	1	0	0	1	0
2	Оқуда қиындықтары бар білім алушылар (ППҚҚ шешімімен тізімге алынған балалар)	6	0	0	4	2
Барлығы		7	0	0	7	2

2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында балаларға көрсетілген түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері балдық бағалау негізінде талданды.

Кесте деректеріне сәйкес, түзете-дамыту жұмыстарына барлығы 6 білім алушы қамтылды. Бағалау нәтижесінде мақсаттарға қол жеткізілмеген (0–25%) және мақсаттарға ішінара қол жеткізілген (26–50%) жағдайлар тіркелген жоқ.

Бағалау қорытындысы бойынша 4 білім алушыда (67%) қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілмеген, ал 2 білім алушыда (33%) түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді.

Бұзылыс түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижелері төмендегіні көрсетті:

- жеңіл түрде зияты зақымдалған 1 білім алушыны жоспарланған мақсаттар бойынша түзете-дамыту жұмыстары алдағы кезеңде жалғастырылады;

Түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде жекелеген білім алушыларда қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді, ал қалған білім алушылар бойынша түзете-дамыту жұмыстары екінші жартыжылдықта жалғастырылады.

Консультативтік бағыт

Оқу жылының бірінші жартыжылдығында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының ата-анасына психологиялық-педагогикалық қолдау және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жеке форматта кеңестер ұйымдастырылып, баланың даму ерекшеліктері, оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтар және үй жағдайында қолдау көрсету жолдары түсіндірілді. Кеңес беру нәтижелері белгіленген тәртіпке сәйкес кеңесті тіркеу журналында рәсімделді.

Сонымен қатар оқу жылының бірінші жартыжылдығында мұғалімдерге ЕББҚ ететін білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке және топтық форматта консультациялық қолдау көрсетілді. Кеңестер барысында сабақ мазмұнын бейімдеу, тапсырмаларды саралау, ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Өткізілген консультациялар кеңесті тіркеу журналында белгіленді.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты

Қыркүйек айында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, бала туралы бастапқы мәліметтер жинақталды.

Оқу жылының бірінші жартыжылдығында арнайы педагог тарапынан ата-аналарға білім алушыларды бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беріліп, психологиялық-педагогикалық қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Көрсетілген кеңестер ата-аналарға кеңесті тіркеу журналында белгіленді.

07.10.2025 ж. арнайы педагогтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «ЕББҚ бар балаларға үй тапсырмасын тиімді ұйымдастырудың әдістері мен ата-аналарға арналған ұсынымдар» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға мектеп ата-аналары қатысты.

Семинардың мақсаты – ата-аналарды ерекше білім беруді қажет ететін балалардың үй жағдайында оқу және үй тапсырмасын орындау процесін тиімді ұйымдастыру жолдарымен таныстыру, баланың оқу мотивациясын қалыптастыру мен дербестігін дамытуға бағытталған әдістер бойынша түсінік беру, ата-ана мен педагог арасындағы өзара серіктестікті нығайту.

Семинар барысында ата-аналарға ЕББҚ бар балалардың үй тапсырмасын орындау кезінде кездесетін негізгі қиындықтар, оқу процесін жоспарлау және құрылымдау жолдары, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау, визуалды тіректерді пайдалану, мотивация мен мадақтаудың маңызы түсіндірілді.

Практикалық бөлімде ата-аналар үй жағдайында оқу ортасын ұйымдастыру, тапсырмаларды реттілікпен орындау және баланы ынталандыру тәсілдері бойынша тапсырмалар орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Семинар соңында рефлексия жүргізіліп, ата-аналар балаларын үй тапсырмасын орындау барысында қолдаудың тиімді жолдары туралы пікірлерімен бөлісті. Ата-аналарға үй тапсырмасын тиімді ұйымдастыруға арналған ұсынымдар (кеңес парағы) таратылды.

11.11.2025 ж. арнайы педагогтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «ЕББҚ бар балаларға оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (саралап және даралап оқыту)» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға барлығы мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Семинардың мақсаты – мектеп мұғалімдерін ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерімен таныстыру, саралап және даралап оқытудың ерекшеліктерін түсіндіру, оқу тапсырмаларын бейімдеу және оқу процесін ұйымдастыру жолдары бойынша әдістемелік қолдау көрсету.

Семинар барысында ЕББҚ бар білім алушылардың оқу іс-әрекетіндегі жеке ерекшеліктері, сабақ мазмұнын саралау және даралау, тапсырмаларды бейімдеу, оқу процесін құрылымдау мәселелері қарастырылды.

Практикалық бөлімде мұғалімдер нақты педагогикалық жағдаяттар негізінде тапсырмаларды саралау және даралау бойынша жұмыстар орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Семинар соңында кері байланыс жүргізіліп, қатысушылар алған ақпараттың практикалық маңызын атап өтті. Мұғалімдерге ЕББҚ бар білім алушылармен жұмыс жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар таратылды.

Желтоқсан айында «Баланың танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау) тиімді дамыту жолдары» тақырыбында ата-аналарға арналған үлестірмелі материалдар әзірленді.

Дайындалған материалдарда баланың зейінін шоғырландыру, есте сақтау және ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық ұсынымдар, үй жағдайында орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар қамтылды. Үлестірмелі материалдар ата-аналарға ұсынылып, кеңес беру барысында пайдаланылды.

Алматы облысы ұйымдастырылған Облыстық «Әр балаға тең мүмкіндік: арнайы және орта білім беру ұйымдастыруының ынтымақтастығы» атты тақырыбымен өткен семинарға қатыстым. Семинар мақсаты: Арнайы және инклюзивті білім беру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи тәжірибемен бөлісу және серіктестік байланыстарды нығайтып, әдістемелік қолдау көрсету.

Есік қаласында орналасқан №1 арнайы- мектеп интернатында өткен тәжірибелік алаңында бастауыш сынып мұғалімдері, математикадан, музыкадан, дефектолог, тифлопедагог, логопед мамандары керемет ашық сабақтар өткізді.

Арнайы мектеп интернаты арнайы жабдықтарымен, нағыз өз мамандығының шебер ұстаздары жоғары деңгейде көрсеткен тәжірибелерімен бөлісті.

2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында арнайы педагог тарапынан жүргізілген түзете-дамыту, диагностикалық, консультативтік, психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуда оң динамиканың қалыптасқанын көрсетті. Алынған нәтижелер келесі жартыжылдықта түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруға және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты одан әрі жетілдіруге негіз болады.

Арнайы педагог:_____ Журкабаева Гаухар Кайратовна

Күні:_____ 25.12.2025 ж